

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ



РЕСПУБЛИКА
КАЗАХСТАН

«АЗАМАТТЫҚ
АВИАЦИЯ АКАДЕМИЯСЫ» АҚ
АВИАЦИЯ КОЛЛЕДЖІ

АО «АКАДЕМИЯ
ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ»
АВИАЦИОННЫЙ КОЛЛЕДЖ



Авиация колледжінің педагогикалық
шеберлік мектебі туралы
ЕРЕЖЕСІ

КЕЛІСІЛДІ
ӘК отырысында
Хаттама №1
«28 » 08 2020 ж.

АЛМАТЫ 2020

1. Жалпы ережелер.

- 1.1 Осы ереже «Білім туралы» ҚР Заңына, ҚР БФМ нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.
- 1.2 Педагикалық шеберлік мектебі (ПМК) педагогтердің педагогикалық қызметке шығармашылық көзқарасын қалыптастыру, білікті мамандарды даярлау сапасын арттыру мақсатында құрылады.
- 1.3 Педагикалық шеберлік мектебі-педагогтердің педагогикалық қызметке шығармашылық көзқарасын қалыптастыруға ықпал ететін алқалы орган.
- 1.4 Педагикалық шеберлік мектебі тәжірибелі педагог-кәсіпқойлардың консилиумы болып табылады, оку үдерісінің маңызды блоктарына құзыретті басқарушылық әсер етеді, оның дамуын талдайды, осы негізде оқыту әдістемесін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейді.
- 1.5 Педагикалық шеберлік мектебі педагогтің кәсіби шеберлігін арттыру, өзін-өзі жетілдіру, педагогикалық қызметтің жеке стилін әзірлеуге көмек көрсету, сондай-ақ өз тәжірибесін жинақтауға көмектесу мақсатында ерікті негізде құрылады.
- 1.6 Педагикалық шеберлік мектебі педагогикалық бастаманы дамытуға ықпал етеді және осы бастаманы одан әрі басқаруды жүзеге асырады

2. Педагикалық Шеберлік Мектебінің міндеттері

- 2.1 Жас педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлерінің педагогикалық дайындығы және біліктілігін арттыру
- 2.2 Педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлерінің ақпараттық және әдістемелік мәдениетін дамыту
- 2.3 Орта кәсіптік білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық технологиялар, инновациялар туралы ұжымға консультация беру
- 2.4 Педагогтер мен шеберлердің өзін-өзі диагностикалауын жүргізуге және біліктілігін арттыруға көмек көрсету
- 2.5 Білім беру үдерісін бағдарламалық-әдістемелік және дидактикалық қамтамасыз ету бойынша әртүрлі зияткерлік және материалдық өнімдердің түрлерін (оку-әдістемелік құралдар, әдістемелік ұсынымдар, оқыту әдістемелері, оқыту мен тәрbiелеудің жаңа технологиялары және олардың жекелеген элементтері, оқыту бағдарламалары, цифрлық білім беру ресурстары) әзірлеу және білім беру қызметтері нарығына ұсыну.
- 2.6 Тәжірибесі бар және ісін жаңа бастаған оқытушылардың оку және әдістемелік жұмысындағы сабактастықты қамтамасыз ету.

3. Педагикалық шеберлік мектебінің құрамы мен ұйымдық құрылымы

- 3.1 Педагикалық шеберлік мектебінің құрамына кіреді:
 - директордың оку-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары,
 - директордың оку-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары,
 - әдіскерлер,
 - психолог,
 - циклдік комиссиялардың тәрағалары,
 - колледждің педагогикалық құрамы.
- 3.2 ПШМ басқарады - директордың ОӘЖ жөніндегі орынбасары

3.3 Педагогикалық шеберлік мектебінің құрамы колледж директорының өкімімен бекітіледі.

4.Педагогикалық шеберлік мектебі қызметінің мазмұны

4.1.Білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің мақсаттары мен міндеттерін қалыптастыру.

4.2.Педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың нысандары мен әдістерінің мазмұнын анықтау.

4.3.Білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз етумен байланысты педагогикалық мәселелерді, оның ішінде инновациялық мәселелерді шешу.

4.4.Әдістемелік бірлестіктердің қызметін үйлестіру.

4.5.Педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру, озық педагогикалық тәжірибелі насиҳаттау.

5.Педагогикалық шеберлік мектебінің жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі

5.1.Педагогикалық шеберлік мектебі өз жұмысын демократия, жариялышық, барлық педагогикалық қызметкерлердің мұдделерін құрметтеу және ескеру принциптеріне негіздейді.

5.2. ПШМ жұмыс жоспарын колледждің әдістемелік кеңесі бекітеді және оку жылына құрастырылады.

5.3 Отырыстардың тақырыбын семинарларда, практикумдарда, педагогикалық оқуларда, FTK және т. б. сөз сөйлеулерді, сабактарды дайындау мен ұйымдастыруда қындық туғызатын мәселелерге сәйкес Колледждің Әдістемелік кеңесі айқындайды.

5.4 Педагогикалық шеберлік мектебінің барлық отырыстары ашық деп жарияланады.

5.5.Педагогикалық шеберлік мектебі отырысының аудио-видео тапшыларын мүшелері қажеттілікке қарай, бірақ тоқсанына кемінде 1 рет анықтайды.

5.4.Педагогикалық шеберлік мектебінің шешімдері қолданыстағы заңнамаға сәйкес қабылданады және шағымдануға болады.

5.5.Педагогикалық шеберлік мектебі педагогтарды өз қызметі туралы, қабылданған шешімдер туралы үнемі хабардар етіп отырады.

5.6 Атқарылған жұмыс туралы есеп оқу жылының қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

6. Педагогикалық шеберлік мектебі жұмысының негізгі нысандары

6.1 Теориялық:

Дәңгелек үстелдер, кеңестер, оқу-әдістемелік мәселелер бойынша семинарлар, шығармашылық топтардың жұмысы, білім беру, заңнама және т.б. мәселелері бойынша құжаттарды консультативтік-ақпараттық зерделеу, олардың барысында педагогтер информтика, ақпараттық технологиялар саласында оқыту әдістемесі мәселелері, сондай-ақ педагогика және психология мәселелері бойынша қажетті ақпарат көлемін алады.

6.2 Практикалық:

Тренингтер, іскерлік ойындар, педагогикалық технологиялар аукциондары, пән бойынша ашық сабактар мен сыныптан тыс іс-шаралар, «дөңгелек үстелдер», мастер-кластар, олардың барысында оқу үдерісінде оқытуудың жаңа әдістері мен технологияларын қолданудың ең жақсы мысалдары көрсетіледі, оқытушылар тәжірибе алмасады.

6.3 Жеке:

Жеке кеңестер, педагогтермен әңгімелесу және т. б.

6.4 Ашық сабактар.

6.5 Оқыту және тәрбиелеу әдістемесі, жалпы педагогика және психология мәселелері бойынша дәрістер, баяндамалар, хабарламалар мен пікірталастар.

6.6 Оқу-тәрбие үдерісінде басқарылатын құжаттардың, озық педагогикалық тәжірибелің талаптарын зерделеу және іске асыру.

6.7 Әдістемелік апталар өткізу.

6.8 Сабактарға өзара қатысу

7.Педагогикалық шеберлік мектебінің құжаттамасы


7.1.Педагогикалық шеберлік мектебі туралы Ереже.

7.2.Педагогикалық шеберлік мектебінің жұмысын талдау (есеп беру).

7.3.Педагогикалық шеберлік мектебінің жұмыс жоспары.

7.4 ПШМ отырыстары хаттамалармен ресімделеді.

7.5 Хаттамаларға ПШМ басшысы (төрағасы) қол қояды.

Директордың ОӘЖ жөніндегі орынбасары  Б. Абылқасымова